

БЕКІТЕМІН
ЖШС «Адема-Аделия» б/б
менгерушиі



M.Муталиева

**Кіші «Балапан» тобының
2022-2023 оқу жылына арналған
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы 2 жастағы
2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бұгу (жазу), қатарында тұрган – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкеу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>1)айналасындағы адамдардың сезін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;</p> <p>2)дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;</p> <p>3)дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың қарқынын, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру.</p>
	Көркем әдебиет	ертегілердің, әңгімелердің, тақпактардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау
Музика	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен ұлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
	Құрастыру	<p>1)құрылым материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;</p> <p>2) құрылым ұлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылышының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру</p>
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.
	Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру
	Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
	Музыка	<p>Музыка тыңдау:</p> <p>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сактауды қалыптастыру;</p> <p>Ән айту:</p>

		<p>2) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</p>
--	--	---

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жастағы

2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Казан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жұру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шенбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жұру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жұру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>1) Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуда үрету.</p> <p>2) Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөйлеу қарқының, дауыстың жоғарылығы мен құшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p>
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тындауға үрету.
Мыңдау	Сенсорика	Құмылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бүлшік еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем</p> <p>1) Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір обьектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшерін екіншісіне қою және т. б.) орындауга баулу.</p> <p>2) Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.</p>
	Құрастыру	<p>1) құрылым материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажыратса алуды үрету;</p> <p>2) қарапайым құрылышты ұлғі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру.</p>
	Сурет салу	Бейнелерді парапеттің орналасыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.
	Мұсіндеу	Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді ұлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалышты өздігінен илеу) үрету.
	Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үрету.
	Музыка	Музыка тындау:

		<p>1) әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. Ән айту: 2) әнді жеке және топпен айту. Музыкалық-ыргактық қозғалыстар. 1) музыканың сүйемелдеуімен топпен және шенбер бойынша қол ұстасып журу және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
--	--	---

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жастағы

2022-2023 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сзықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқының, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс атауларын білуге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>
шілдес	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сұлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету.</p> <p>Адамгершілікке баулу.</p> <p>Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу (жақсы – жаман).</p>
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыш материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сзықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мұсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мұсіндеуге қалыптастыру.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сзықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету.
	Музика	<p>Музыка тыңдау:</p> <p>Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>Ән айту:</p>

		<p>Әуенді интонациямен және ырғакты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтауға үйрету.</p>
--	--	--

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы 2 жастағы
2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жұру.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жұру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p> <p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуда мүмкіндік беру.</p>
	Сенсорика	<p>Тұрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым үқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ересектердің енбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындалған жағдайларына балалардың назарын аудару.</p> <p>Ересектерге көмектесу ниетін қолда</p> <p>Адамгершілікке баулу.</p> <p>Жақындарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу.</p>
	Құрастыру	Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру.
	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. <p>Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>
	Мұсіндеу	Табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендетеу, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жұзік, қол сағат және т.б.) мұсіндеу.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету.
	Музыка	<p>Музыка тындау:</p> <p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>Ән айту:</p>

		Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музикалық сөз тіркестерінің сонын бірге айтуға ынталандыру.
--	--	--

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жастағы

2023 оқу жылы қантар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қантар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сзызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге және т. б.): тұру.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қаралайым әрекеттерін жеткізе білуғе үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандаш жүру және т. б.).</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атауды үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p> <p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p>
шілде	Сенсорика	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғат әлемі.</p> <p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы есімдіктермен таныстыру.</p> <p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.) таныстыру.</p>
	Құрастыру	<p>Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыш масштабына сәйкес сюжеттік ойыншылқтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p>
	Сурет салу	<p>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылатпау, жұмыстың ұқыпты жасау.</p>
	Мүсіндеу	<p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бүйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
	Жапсыру	<p>Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-карсы түстер) үйрету.</p>
	Музыка	<p>Музыка тындау:</p> <p>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сырлдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.</p>

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жастағы

2023 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары.</p> <p>Қолдарын жоғары көтеру, тұсу; заттардан (биектігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.</p> <p>Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (он) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу. Тағынштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</p> <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауга, шананы жібінен сүретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету;</p> <p>Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>енбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кио-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (куану, құлу, ренжү) білдіретін етістіктерді үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қаралу, ондағы таныс заттарды атап.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырган балаға аудару.</p> <p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қаралу.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>
	Сенсорика	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
	Көршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғат әлемі.</p> <p>Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанак, кияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.</p> <p>Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), андармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атап, сипаттамалық ерекшеліктерін ажыратада білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>
	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыш масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.

		Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
	Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйікталған дөңгелек сыйықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	Мұсіндеу	Сазбалышықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету; Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру (кесектерді ұлken бөліктерден бөліп алып, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалышықты өздігінен илей алуды) үйрету.
	Жапсыру	Фланелеграфте геометриялық фигуralарды, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету.
	Музыка	Музыкалық-ырғактық қимылдар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жастағы

2023 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше аудысу. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдаң заттардың: арқаның астынан нысанана дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 x 50 см модульге өрмелеу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза аудада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>«Бұл кім (не)?», «Не істеді?» қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тындауға үйрету.</p> <p>Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету.</p>
	Сенсорика	<p>Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау.</p> <p>Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын менгерту.</p> <p>Түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйрету.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Табигат әлемі.</p> <p>Табигат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табигаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б.</p> <p>Аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер, қарғалар және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек және т.б.), маусымға тән табигат құбылыстарын бақылау.</p>
	Құрастыру	<p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p> <p>Қарапайым құрылышты үлгі бойынша құрастыру;</p> <p>Құрылыш материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды</p>

		үйрету.
Сурет салу		Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуді үйрету. Қағаздың қасиеттерін білуді үйрету. Қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру. Түстерді ажыратуды және оларды дұрыс атауды үйрету.
Мұсіндеу		Кесе, тостаған, табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып мұсіндеуді үйрету. Дайын болған бүйымды тұғырға орналастырып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға дағдыландыру.
Жапсыру		Фланелеграфте геометриялық фигуralарды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру
Музыка		Музыкалық-ырғақтық қимылдар Денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып үшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жастағы

2023 оқу жылы сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұгу және ашу.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p>	
	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру</p> <p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету.</p> <p>Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, ойыншық, киім, аяқиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету.</p>	
	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.</p>	
	<p>Сенсорика</p> <p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>	
	<p>Коршаған ортамен таныстыру</p> <p>Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды</p>	

		iшпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
Құрастыру		Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Сурет салу		Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттөр салу.
Мүсіндеу		Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөлліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру		Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру.
Музыка		Музыкалық-ырғактық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесігে өту және қимылдарды бере білу.

Топ/сынып «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жастағы

2023 оқу жылы мамыр айы

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: ұш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үрету;</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p> <p>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сезін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үрету.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, шағын тақпактарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Коршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғат әлемі.</p> <p>«Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, ұш қырлы призма,

		пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Өткенді қайталау.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Өткенді қайталау.
	Мұсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Өткенді қайталау.
	Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру. Өткенді қайталау.
	Музыка	Музыкалық-ыргактық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесігে өту және қимылдарды бере білу. Өткенді қайталау.